

**Шоқан Уалиханов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі**

**Әлеуметтік педагогтың жылдық есебі.**

**2021-2022 оқу жылы**

**Шоқан Уәлиханов атындағы ЖОББМ 2021-2022 оқу жылындағы  
әлеуметтік педагогтың жылдық есебі**

**Мақсаты:** әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау

**Жұмыс объектісі** - оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

2021-2022 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік төлқұжаты

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді.


Мектеп бойынша жалпы оқушылар саны жыл басында – 96 оқушы болды. Оның ішінде:

- Аз қамтылған, жағдайы төмен жанұя балаларының саны- 0;
- Толық емес отбасы саны-6 отбасы,оның ішінде 7 оқушы;
- Көп балалы отбасы балаларының саны-14, отбасынан,29 бала;
- Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған бала саны-0;
- Сәтсіз отбасы – 0;
- Мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны - 0;
- Өгей ата- ата анасымен тұратын оқушылар -0;

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға көмек алуға құқығы бар отбасылардан,сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын,жан басына шаққандағы табысы ең төмен шыққандағы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне мемлекет тарапынан №64 қаулыға сәйкес көп балалы және аз қамтылған отбасыларынан, жетім, қамқорлықтағы балалар үшін тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. Тамақтану мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі және кестесі бойынша жүргізіледі. Ыстық тамақтың сапасы және ұйымдастырылуын бақылауды бракеражды комиссия жүзеге асырады. Мектебімізде ыстық тамақпен - 41 оқушы қамтылған.

2021-2022 жылғы оқу жылында 1-11 сыныптар үшін оқыту дәстүрлі форматта басталды. Оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуінің алдын алу мақсатында Республикалық «Мектепке жол» акциясы 2020 жылдың 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында жүргізілді. Акцияға біздің мектебіміздің мұғалімдері

өз үлестерін қосты. «Мектепке жол» республикалық акциясына мектептің аз қамтылған отбасынан шыққан 1 сынып оқушыларына сөмкелер құрал – жабдықтары мен мектеп формалары берілді.




Сонымен қатар көп балалы, аз қамтылған, көпбалалы, толық емес 17 отбасынан шыққан 38 оқушыға мектеп формасына және құрал-жабдықтарына 40.000 тенгеден бір реттік акшалай көмек берілді.

Қыркүйек айында жұмыс жоспарына сәйкес сынып жетекшілер арасында әлеуметтік жағдайы төмен оқушылардың үйлеріне рейд ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған рейдтің мақсаты көрсетілген орындарда мектептің жұмыс жасап жүрген оқушыларын анықтау болды. Осы мерзім аралығында жұмыс істеп жүрген мектеп оқушылары анықталмады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жоспарға сәйкес түнгі рейдтер өтіп отырды.

Қаңтар айының 26 күні полиция лейтенанты Саден Айтолқын Төлеутайқызы 1-4 сыныптар арасында «Мектеп тәртібі», «Жол қауіпсіздігі», «Жолда жүру ережелері» тақырыбында сұрақ-жауап алынып, әңгіме жүргізілді. 5-11 сынып арасында «Құқықбұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында түсіндіру жұмыстар жүргізілді.





Ақпан айының 15 күні Жетісу ауданының ішкі істер басқармасының полиция лейтенанты участкелік инспекторы Саден Айтолқын Төлеутайқызы мен мектептің ТІЖО бірге 1-4 сынып оқушыларына «**Абайла балақай**» тақырыбында жол жүру ережесін сақтау туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Әлеуметтік педагог Жумагулова.С.және тәлімгер Алтайбаев Е.Д., мектеп Парламентімен бірлесіп «Менің қоғамдағы құқықтарым» атты тақырыбында 9 -11 сынып оқушыларының арасында дөңгелек үстел өткізді. Оқушы мен құқық бұзушылықтың алдын-алуға байланысты мектеп психологімен бірлесе отырып бірнеше сауалнамалар алынып, жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар сабаққа себепсіз келмей, жиі кешігіп келетін оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Наурыз айында ауыл медбикесі Г. Даулетбекованың қатысуымен 7-11 сынып қыз балаларына «Қызға қырық үйден тыйым» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді. Жиналыстың мақсаты: қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге, қыз бала

гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға үйрету, өз бойларын, ойын дөрекіліктен сақтандыру, қыздарды инабатты қыз болып өсуге баулу.

2021-2022 оқу жылында мектебімізде 36 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. 20 оқушы қосымша 1-4 сыныптың оқушылары. Тамақтану мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі және кестесі бойынша жүргізіледі. Ыстық тамақтың сапасы және ұйымдастырылуына бақылауды бракеражды комиссия жүзеге асырады.

Әлеуметтік педагог: Жумагулова С.Б